



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 12 сәуір

Халықаралық ақша аударымдары жүйелері 20% -ға өскенін көрсетті

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылғы төлем жүйелерін қадағалау (оверсайт) және көрсетілетін төлем қызметтері нарығының даму нәтижелеріне шолуды интернет-ресурсқа «Төлем жүйелері» - «Жарияланымдар мен баяндамалар» (<https://nationalbank.kz/?docid=540&switch=kazakh>) бөліміне орналастырды.

Шолу нәтижелеріне сәйкес 2018 жылдың ішінде халықаралық ақша аударымдары жүйелері (ХААЖ) арқылы ақша аударымының жалпы көлемінің 2017 жылмен салыстырғанда 20,4%-ға өскені байқалды. Жеке тұлғалар шетелге ХААЖ арқылы жіберген аударымдар саны 2018 жылы 2017 жылғы тиісті көрсеткіштен 19,3%-ға асып, 601,8 млрд теңге сомаға 2,7 млн транзакцияны құрады. 2018 жыл ішінде ХААЖ арқылы жеке тұлғалар шетелден 362,0 млрд теңге сомаға 1, 5 млн. ақша аударымдарын алды (17,0%-ға ұлғайды).

2018 жылы Қазақстан аумағында ХААЖ арқылы жүргізілген транзакциялардың көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 44,7%-ға өсті. Қазақстан бойынша жіберілген ақша аударымдарының ең көп үлесін «Золотая Корона» ХААЖ (70%-дан астам) арқылы жүргізілген аударымдар құрады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz